

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті
Төрағасының
20 жылғы “_____” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН**

Медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану жөнінде нұсқаулық

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

Медициналық мақсаттағы бұйымды стерилизациялау алдындағы тазалау сапасын бақылауға арналған Азопирам РК реагенттер жиынтығы

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы:

Стерилизациялау алдындағы мұқият тазалаудың жеткіліксіздігі салдарынан стерилизациялауға дайындалған медициналық бұйымдарда қалған қан қалдықтарын, тат басқан жерлерді, ағартқышы бар кір жуғыш ұнтақтардың, өсімдік тектес пероксид тотықтырғыштарының қалдықтарын анықтау үшін пайдаланылады.

Жинақ 200 анықтама жүргізуге есептелген.

Сезімталдығы – қанды 1:100000 көп емес сұйылтқанда оң реакция.

Өндіруші ұйымның атауы

"ГИППОКРАТ" ЖШС (Қазақстан)

Қолданылу саласы:

Қолданылу саласы: Санитариялық-эпидемиологиялық станциялар, зарарсыздандыру станциялары және ЕАМ.

Тағайындалуы: Медициналық мақсаттағы бұйымдардың стерилизациялау алдындағы тазалау сапасын бақылауға арналған.

Қолдану тәсілі:

- Жұмыс ерітіндісімен (1:1 арақатынасындағы 3% сутегінің асқын тотығы бар Азопирам) зерттелетін бұйымдарды өңдеңіз: реактивпен суланған тампондармен сүртіңіз немесе тамшуырдың көмегімен зерттелетін бұйымға реактивтің бірнеше тамшысын жағыңыз;
- Еккішке 3-4 тамшы жұмыс ерітіндісін құйыңыз және еккіштің ішкі беткейін, әсіресе үнемі қан қалып қоятын шынының металмен қосылған жерлерін реактивпен сулау үшін бірнеше рет поршенмен жылжытыңыз;
- Реактивті еккіште 0,5 – 1 минутқа қалдырыңыз, содан соң реактивті дәке сүрткіге ығыстырыңыз;
- Инелерді тазалау сапасын тексерген кезде реактивті таза, коррозияға ұшырамаған еккішке толтырыңыз және біртіндеп инелерді алмастыра отырып, 3-4 тамшыны дәке сүрткіге сыға отырып, реактивті солар арқылы өткізіңіз;
- Катетерлерді немесе басқа да қуыс бұйымдарды тазалау сапасын реактивті 0,5 – 1 минут бойы бұйым ішіне енгізу арқылы бағалаңыз, содан кейін ерітіндіні дәке сүрткіге құйыңыз. Бұйым ішіне енгізілген реактив саны бұйым шамасына байланысты;
- Бір мезетте өңделген бір атаулы бұйымдардың 1% бақылаңыз, бірақ 3-5 бірліктен аз емес.

Жиынтықталымы:

1. Амидопирин - 1 құты (10г.)
2. Тұзқышқылды анилин - 1 құты (0,3г.)
3. Тұзқышқылды тұрақтандырғыш-гидроксидомин 1,5% - 1 құты (10мл).

Сақтау шарттары: +18-ден +25 ° С-ге дейінгі температурада, құрғақ, тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, зауыттың қаптамасында сақтау керек.

Жарамдылық мерзімі

24 ай

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Партия коды

Партия

Медициналық мақсаттағы бұйым бір реттік пайдалануға арналған

Пайдаланылған реагенттер қайта пайдалануға жатпайды.

Өндіруші ұйым:

"ГИППОКРАТ" ЖШС (Қазақстан)

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Азовский к-сі, 31

Қазақстан аумағында шағымдарды қабылдайтын ұйым:

"ГИППОКРАТ" ЖШС (Қазақстан)

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Азовский к-сі, 31

Телефон, факс, E-mail: 233-63-33, 279-86-67

Медициналық мақсаттағы бұйым сәйкестіріліп өндірілген нормативті құжаттың атауы

"ГИППОКРАТ" ЖШС ұйымының стандарты

СТ 970740002389 – ЖШС – 03 - 2017

Сақтандыру шаралары:

- Реактивтерді тығыздап жабылған ыдыстарда, тамақ өнімдерінен бөлек сақтаңыз;
- Азопирамның ашық отпен және қыздырғыш құралдардың қызған беткейімен жанасуын болдырмаңыз;
- Реактивтер теріге және шырышты қабықтарға түскен кезде оны ағынды су астында жуыңыз;
- Пергидролмен жұмыс істегенде резеңке қолғаптарды пайдаланыңыз.